

УДК 81-116.7

**АЛАШ ТІЛТАНУШЫЛАРЫНЫҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІ**

**Шынатай Елімай**

[elimai\\_03@mail.ru](mailto:elimai_03@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Филология факультетінің  
2-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі – А.Б.Бейсенбай

Мақалада біз А.Байтұрсынұлының 2013 жылы «Қазақ тіл білімінің антологиясы» сериясымен жарық көрген «Тіл-құрал», Т.Шонановтың «Үлкендер үшін қазақ тілі оқулығы», Е.Омарұлының 2018 жылы «Елдес Омарұлы шығармалары. 1-томы» мен Қ.Жұбановтың «Қазақ тілінің грамматикасы» атты еңбегіндегі морфологиялық

категориялар мен оларға берілген анықтаманы салыстырып, Алаш тілтанушыларының морфологиялық зерттеулеріндегі терминдердің қолданысы мен дефиницияларындағы ерекшеліктер мен айырмашылықтарды зерделеуді мақсат тұттық.

Т.Шонановтың 3 томдық шығармалар жинағына енген «Үлкендер үшін қазақ тілі оқулығы» 1934 жылы Қазақстан халық ағарту комиссариатының мақұлдауымен Қызылордада 50 000 тиражбен жарық көрген. Еңбекке Сейіл Жиенбаев пен Сәйді Талжанов редакторлық еткен. Бұл еңбек – орыс тілді аудиторияға қазақ тілін меңгерту әдістемесінде басшылыққа алынуы тиіс бірден-бір таптырмас құрал. Өкінішке қарай, қазақ тілін үйрету әдістемесі көштен кейін қалды деген пікір қаулап тұр. Бұл олқылықтар көптеп жарық көріп жатқан оқу-әдістемелік құралдар мазмұнының тілдің табиғатына сай болмауынан деп бағамдаймыз. Әрине, тіл үйретудегі заманауи тенденцияларды басшылыққа алу керек. Одан қашуды жөн көрмейміз. Алайда көбіне-көп қазақ тілінің табиғатынан алшақ тілдерді оқыту әдістемесіне қарай мойын бұрып кететініміз де шындық. Сөзіміз дәйекті болу үшін мысал келтіре кетейік. Мәселен, жалғамалы тілдер тобындағы қазақ тілін үйретуге арналған оқулықтарды әзірлеуде осы күнге дейін флективті тілдердің санатындағы орыс тілін үйрету әдістемесі басшылыққа алынып келді. Кейінгі кезде тіпті ағылшын тілін үйрету әдістемесі де кеңінен қолданылып жүр. Ал жалғамалы тілдің табиғаты флективті тілдердегідей кестеге салып түсіндіруді көтермейді. Қазақ тілін үйрету әдістемесі өз тіліміздің табиғатынан қайнап шығуы керек деп білеміз.

Т.Шонановтың «Қазақ тілі: грамматика мен емле» деп аталатын Қазақстан Халық ағарту комиссариаты бекіткен оқулығы 1936 жылы Қызылордада, «Қазақстан» баспасынан шыққан. Оқулық А.Байтұрсынұлының еңбектеріне тыйым салынған кезеңде баспа бетін көргендіктен, сол кездегі саясаттың ықпалымен терминдерді өзгертіп қолданғанын байқауға болады. Мысалы, «жалғаудың» орнына «дәнекер жалғау» деп қолданғанын көреміз. Дегенмен де еңбекте А.Байтұрсынұлының оқулықтарында қолданылған терминдердің басым көпшілігі сол күйінде қолданыс тапқан.

Қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі осы терминология мәселелері болып тұрғаны анық. Бұл мәселелер терминдердің қолданысындағы бірізділіктің болмауынан, терминдерді қалыптастырудағы орыс тіліндегі терминдердің тікелей аударылып, калька түрінде берілуінен, сондай-ақ терминжасам қағидаттарының орнықпауынан туындап отыр. Алаш тілтанушылары алғаш ғылыми айналымға енгізген терминдерді қарастырмас бұрын олар ұстанған принциптер жүйесін саралап алғанды жөн көрдік. Осы күнге дейін Е.Омарұлының терминолог ғалым ретінде кеңінен танылып келгені белгілі.

Қазіргі таңда тіл білімінің морфология саласында академиялық грамматикада түбір сөзі халықаралық термин – морфема түрінде аталып жүргені белгілі. А.Байтұрсынұлы түбір деп қолданса, Е.Омарұлы түбірді тұқыл деп те береді.

Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінің күн тәртібіндегі төртінші тұрған мәселе қазақша пән сөздері – терминдер болған еді. Бұл мәселенің төңірегінде Е.Омарұлы сөз сөйлеп, ғалымның баяндамасы негізінде қаулы қабылданады. Осы қаулы 9 тармақтан құралады. Осы негізгі 9 тармақта дыбыс үндестігін қатаң сақталуын көзделеді. Мысалы:

1. Шет тілден енген терминдер қазақ тілінің табиғатына сәйкес үндестік заңына бағындырылып қабылдануы қажет.

2. Қазақ тіліне шет тілден енген кірме сөздерді қабылдағанда сөздерді буын үндестігіне бағындырып алу қажет.

3. Бас буыннан басқа позицияда кездеспейтін «о» дыбысы басқа буындарда болса, оны оны басқа бір дауысты дыбысқа айналдырып алу керек. Мысалы: *покров – боқырау* [1, 48].

Қазақша пән сөздері тақырыпты баяндамасындағы Е.Омарұлының: «Қазақша кітап, журнал, газеттерді қазақ түсініп оқи алатын болу үшін оның тілі қазақша болуы керек, әуелі, сөздері қазақша болуы керек, екінші, қазақша сөздер қазақша тізіліп жазылуы

керек»,– деген пікірі қанша заман ауысса да, қазір де өзекті болып отыр [2, 75]. Бұл заман талабына сәйкес тілімізге терминдердің дендеп енуіне байланысты.

Е.Омарұлы өзінің баяндамасында мынадай терминдерді қабылдау қағидаттарын ұсынады.

1. Терминдердің баламасын қазақ тілінің ішкі тілдік әлеуетінен сарқып алу қажет. Бұл – халықтың терминдерді тез сіңіруіне жол ашатын бірден-бір бұлжымас фактор.

2. Терминдердің баламасын өз тіліміздің ішкі қорынан таба алмаған күнде түбі бір түркі тілдеріндегі баламасын, я болмаса халықаралық терминдерді қазақ тілінің заңдылығына бағындырып қабылдау керек. Ғалым «бұл шартқа келмеген сөз қазақ сөзі бола алмайтынын, тек кітап сөзі болып қана қалатынын» алға тартады.

3. Қазақ тіліне енген кірме сөздерді жұрнағын сақтап алуға болмайды.

Осы қағидаттар негізіндегі Алаш тілтанушылары түзген терминдер ұлттық сипатқа ие болды. Аталған қағидаттар басшылыққа алынғанда ғана қазақтың сөзі қазаққа қызмет етеді деп ойлаймыз. Себебі тілдің табиғатына жат, ішкі әлеуетінен алынбаған жасанды баламалар сол халықтың сөздік қорынан орын ала алмайды. Бұл тұжырымды осы күнгі бекітілген, бірақ халық қолданысында жоқ сөздер айғақтай алады.

Алаш тілтанушыларының жасаған авторлық терминдерінің қазіргі кезде де сол қалпында қолданылуы осы аталған қағидаттардың дұрыстығына бұлтартпас дәлел болса керек. Алаш тілтанушыларының терминжасамдық ізденістері қазақ тілінің дериватологиясының, яғни сөзжасамның, лексикологиясының, семантикасының, сөздердің синтаксистік байланысу жолдарының, сөз және термин стилистикасының ғылыми негізі салынды.

Қазақ тілінде морфология термині мен оның зерттеу нысандары түрліше аталады. Төменгі кестеде морфология саласына қатысты терминдердің Алаш тілтанушыларының авторлық қолданыстары мен қазіргі кездегі қолданысы салыстырылып берілді. Қазақстан оқу комиссариатының білім сексиясы бекіткен пән сөздерінде грамматика «тіл танытар» деп беріледі. Қ.Жұбанов морфологияны «сөз тұрпаты жүйесі», «сөз құрылысы» деп қолданса, А.Байтұрсынұлы «сөз тұлғасы» деп қолданады.

Қ.Жұбанов морфологияға мынадай анықтама береді: «Сөз-сөздің қалай құралатынын жалпы түрде қарайтын ғылымды жалпы морфология дейміз» [3, 47]. Сондай-ақ Қ.Жұбанов профессор Маррдың морфология туралы пікірін келтіре отырып: «Морфология синтаксистің техникасы болса, фонетика – морфологияның материалы. Синтаксис түпкі мақсатты көздесе, морфология оның қызметін атқарады, фонетика да сондай. Морфология лексиканың керегін, синтаксистің керегін құрайды. Осы екеуінің керегін құрайтын морфология, екінші сөзбен айтқанда, сөз бұйымының жасалу техникасын қарайды; сөз материалының түр сипатын қарайды. Морфология морфемдерді қарайды (морфем – сөз мүшесі)», – деген тұжырым жасап, тіл білімі саласының ішіндегі морфологияның қызметін ерекшелеп көрсетеді [3, 21].

Қазіргі таңда тіл білімінің морфология саласында академиялық грамматикада түбір сөзі халықаралық термин – морфема түрінде аталып жүргені белгілі. А.Байтұрсынұлы «түбір» деп қолданса, Е.Омарұлы түбірді «тұқыл» деп те береді. Ал Қ.Жұбанов «түп бөлшек» деп те қолданған.

Алаш тілтанушыларының термин түзуде ұстанған негізгі принципі қазақ тілінің сөз байлығын барынша сарқа пайдалану болды. А.Байтұрсынұлының еңбектерінде терминжасамның лексико-морфологиялық және морфология-синтаксистік принциптері сөз етілген. Ғалым басшылыққа алған қағидада кірме сөздерді де қазақ тілінің заңдылығына қарай «бұзып алған» түрлерін де қолдану қажеттігі көрсетілген. Бұл жөнінде ғалым Р.Сыздықова: «Бұдан жүз жылдан астам бұрын қазақ тіліне еніп, қолданыста әбден дағдыға айналған кірме сөздерді енді қайтадан қазақшалап, жасанды сөздермен білдіру тіл үшін де, ол тілдің иелері үшін де оңтайлы емес, өйткені тіл тіршілігінде дағды факторының орны ерекше, онымен қай тіл болса да санаспай отыра алмайды, себебі тіл – қалың жұртшылықтың, бүкіл халықтың құзырындағы дүние», – дейді [4, 5].

Әлем тілдерінің тарихына жүгінер болсақ, тілінің сақталуын, тазалығын ойлайтын бірде-бір халық өзге тілден енген сөздерді тілдің табиғатына икемдемей қолданбайтынын көреміз. Бұл жайында А.Байтұрсынұлы мынадай тұжырымға келеді: «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа ауз тиген жұрт өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін алмастыра-алмастыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздердің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек. Сонда біздің әдебиетіміздің тілі таза болады» [5, 350-351]. Осылайша ғалым даяр терминдерді үздіксіз қабылдау қазақ тілінің тамырына балта шабатынын, ана тілінің асылы – қазақ сөзінің нәрінен, ұлттық сипатынан айырылуына алып келетінін меңзейді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Омарұлы Елдес шығармалары. 1-том. – Алматы: «Лұғат» қоғамдық қоры. – 2018. – 299 б.
2. Омарұлы Елдес: шығармалары. / Құраст.: М.Шуақиев, А.Шаяхмет. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2017. 488 б.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1999, 487 б.
4. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынұлы, Телжан Шонанұлы. «Оқу құралы» /Р.Сыздықова //Дала мен қала. – 2011. – 14 б.
5. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал Ай» баспасы, 2013. – 640 б.